

## Шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мәди ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 13 қарашадағы № 5 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторының 2023 жылғы 9 қарашадағы №15-4-1/417 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қарқаралы ауданы, Мәди ауылдық округінде орналасқан "Әзберген", "Қаракұдық", "Қарабұлақ" қыстақтарының аумағында белгіленген ауыл шаруашылығы жануарлары арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәди ауылдық округінің әкімі*

*Б. Райым*